

ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ АРХЕТИПТЕРІ: ӘН – МӘДЕНИ ЖАД РЕТІНДЕ

Гүлнар Әбдірахман¹, Арман Жүдебаев²

^{1,2}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Зерттеу қазіргі музыкалық кеңістікте өзінің семантикалық маңызын сақтап отырған тұрақты әуендік-ырғақтық құрылымдар болып табылатын қазақ әнінің интонациялық архетиптерін талдауға арналған. Жұмыстың өзектілігі жаһандық стильдік және медиалық трансформациялар жағдайында мәдени сәйкестікті сақтау проблемасымен тікелей байланысты ауызша дәстүр мен XX-XXI ғасырлардағы авторлық ән шығармашылығы арасындағы сабақтастық механизмдерін айқындау қажеттілігімен түсіндіріледі. Мақалада Борис Асафьев, Изалий Земцовский, Евгений Назайкинский және қазақ этномузыкалогия мектебі (Саида Елеманова, Баглан Кокумбаева) негізін қалаған интонация теориясы, фольклортану және этномузыка салаларындағы зерттеулер жалғасады. Зерттеудің мақсаты – қазіргі музыкалық тәжірибеде, атап айтқанда кәсіби және әуесқой авторлардың ән шығармашылығында қазақ әнінің интонациялық архетиптерінің сақталу және трансформациялану заңдылықтарын анықтау. Зерттеу міндеттері – архетиптік құрылымдардың бастауларын, олардың интонациялық-ырғақтық ерекшеліктерін сипаттау, дәстүрлі және авторлық музыкалық материалды салыстыра отырып, интонациялық архетиптерді айқындау және олардың әртүрлі стильдік ортадағы қызмет ету ерекшеліктерін анықтау. *Әдістеме* интонациялық талдауды, салыстырмалы-типологиялық тәсілді және семиотикалық әдісті біріктіреді, бұл бізге халық ән мәдениетіндегі интонациялық архетиптердің генетикалық тамырларын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін және жаңа көркемдік жағдайларда трансформациясын бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қазақ дәстүрлі әнінің екі негізгі архетипі – ақындық әуендік формула және зерттеуші Саида Елеманованың дыбыстық, ладтық жүйе және құрылымдық модельдері ретінде жазылған ритуалдық интонациялық кешен – XX-XXI ғасырлардағы қазақ ән тәжірибесінде белсенді түрде жұмыс істейтіні анықталды. Авторлар қазақ әндерінің нақты мысалдарын пайдалана отырып,

олардың авторлық және әуесқой ән жазудағы модификацияларының нұсқаларын көрсетеді. Жұмыстың талқылау бөлімінде архетиптік тұрақтылықтың табиғаты негізделіп, интонациялық архетиптердің гомофонды-гармониялық ойлау, бұқаралық мәдениет және кросс-жанрлық өзара ықпалдастық жағдайында бейімделу бағыттары айқындалады. Зерттеудің практикалық маңызы оның нәтижелерін этномузыкалогия саласында, композиторлық тәжірибеде, музыкалық білім беру үдерісінде, сондай-ақ, пәнаралық зерттеулерде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Түйін сөздер: ән, музыка, дәстүрлі мәдениет, мәдени жад, әуен, интонациялық архетип, фольклор.

Дәйексөз үшін: Әбдірахман, Гүлнар және Арман Жудебаев. «Қазақ музыкалық дәстүрінің архетиптері: ән – мәдени жад ретінде». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №4, 2025, 16–34 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1141

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Ұлттық музыкалық мәдениеттердің көпшілігінде кәсіби және авторлық музыканың стильдік келбетін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын құбылыс — интонациялық архетиптер — халықтың ауызша дәстүрінде қалыптасып, уақыт өте келе мәдени жадында орныққан тұрақты әуендік-ырғақтық формулалар болып табылады. Олар семантикалық жүктемеге ие болып, орындалу жағдайына қарамастан, мәдениеттің тасымалдаушылары үшін интуитивті түрде танылатын жинақталған интонациялық таңбалар ретінде қабылданады. Зерттеуші Zuzana Martinakova-Rendekova атап өткендей, музыкалық архетиптер музыкалық жүйенің өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін айқындайтын меметикалық құрылымдар ретінде қызмет атқарады (Martinakova-Rendekova 30-31). Басқаша айтқанда, архетиптер түрлі контексттерде қайталанып, өзгеріп отыру арқылы формадағы жасырын «қозғаушы тетіктері» ретінде қызмет етеді. Олар дәстүрдің тұтастығын сақтайды және сонымен бірге, тарихи қалыптасқан мәдени-музыкалық бірегейлікпен

байланысты үзбей оның жаңғыруына мүмкіндік береді. Бұл архетип ұғымының әмбебаптығын және оны еуропалық музыка мен ұлттық дәстүрлерді талдауда қолдануға болатындығын дәлелдейді.

Ұжымдық музыкалық сананың құрамдас элементтері ретінде интонациялық архетиптер мәдени-тарихи даму барысында қалыптасатын жаңа көркемдік жүйелерде өз қызметін жалғастырады. Олар қайта пайымдалып, өзгермелі эстетикалық талаптар мен стильдік контексттерге бейімделеді, сондай-ақ, әртүрлі стильдік түрленулерге ұшырауы мүмкін. Дегенмен, осыған қарамастан, архетиптер өздерінің танылуын және символдық мағынасын сақтайды, дәстүр мен қазіргі заман арасындағы байланыстырушы рөл атқарады.

Ауызша мәдениетке тән интонациялық құрылымның үздіксіздігі қазіргі қазақ әндерінде толық көрініс табады және біздің ойымызша, жалпы музыкалық мәдениеттің даму заңдылықтарының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Осы негізгі идеяны заманауи фольклористиканың көрнекті өкілі Изалий Земцовский өте дәл тұжырымдаған. Ол: «әрбір ұлттық

музыкалық мәдениеттің тұтастығы — оның ауызша, ауызша-жазбаша және жазбаша дәстүрлерінің бірлігінде» деп атап көрсетеді (Земцовский 30—31). Ән жаныры, тыңдаушының қабылдауына «интонациялық тұрғыдан ашық» және қолжетімділігіне байланысты, бұл тұрғыда ең айқын сипатқа ие, өйткені, ол халықтың «интонациялық жадын» жақсы сақтай алатын жанрлардың бірі болып табылады. Осы мағынада алғанда, ән тек музыкалық жанр ғана емес, керісінше, архетиптік элементтер жеке тәжірибелерді де, ұжымдық мағыналарды да жеткізу формасына айналатын көркемдік ойлау тәсілі.

Әннің бұқаралық (кең мағынада) сипаты, бір жағынан, интонациялық консерватизмнің сақталуына ықпал етеді, оның танылуын және әлеуметтік-мәдени жадыда орнығуын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, оның бұқаралық тартымдылығы оның өзгеріп және жаңаруына мүмкіндік береді, бұл жанрдың өміршеңдігін қамтамасыз етеді және музыкалық шығармашылықтың түрлі формаларының — ауызша дәстүрден кәсіби жазбаша музыкаға дейін өзара әрекеттесуін жүзеге асырады. Борис Асафьевтің түсіндіруінде халық әнінің жеке авторлық пен көпшілік бастаулары арасындағы осындай өтпелі рөлі «шаруашылық-тұрмыстық халықтықтан қазіргі көпшілікке өтуі және субъективті-жеке бастан жалпы көпшілікке тән жеке даралық («өз қолтаңбасы») ретінде байқалуы» деп сипатталады (Асафьев 172). Ән, осылайша, ұжымдық жад пен жеке авторлық толғаныстың өзара әрекеттесуінің бірегей моделіне айналады; бұл модельде интонациялық архетиптер тек сақталып қана қоймай, жаңа мәдени және көркемдік контексттерде жаңаша үн табады. Зерттеу пәнін анықтайтын осы ерекшелік ән жанрын интонациялық сабақтастық пен трансформация тетіктерін зерттеудің аса маңызды нысанына айналдырады.

Біздің жұмысымыздың мақсаты — тек жазбаша композиторлық тәжірибемен ғана шектелмей, сонымен қатар, әуесқой музыкалық тәжірибенің кең ауқымын қамтитын қазақ әндерінде кең таралған интонациялық архетиптерді, сондай-ақ, XX-XXI ғасырлардағы авторлық ән шығармашылығында олардың сақталу және түрлену механизмдерін анықтау. Интонациялық архетиптері бар ән жасаушылардың «жұмыс» принциптерін анықтаудың бастапқы нүктесі — кәсіби (композиторлық) және кәсіби емес (әуесқойлық, фольклорлық) музыкалық ойлаудың ерекшеліктерін түсіну, бұл туралы «Музыкалық ойлаудың ерекшеліктерін зерттеу мәселесі туралы» (Абдирахман) еңбегінде егжей-тегжейлі сипатталған.

Әдістер

XX-XXI ғасырлардағы қазақ әндеріндегі интонациялық архетиптерді және олардың түрлену принциптерін анықтау үшін жұмыста интонациялық, салыстырмалы-тарихи және семиотикалық тәсілдерді біріктіретін әдістердің кешені қолданылды.

Түйінді әдістемелік құрал ретінде Борис Асафьев (Асафьев), Владимир Зак (Зак), Любовь Алексеева (Алексеева), Саида Елеманова (Елеманова), Баглан Кокумбаева (Кокумбаева) және өзге де зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған әндерді интонациялық талдау тәсілі алынды. Бұл әдіс интонациялық архетиптер ретінде қызмет ететін тұрақты әуендік-ырғақтық формулаларды айқындауға мүмкіндік берді.

Дәстүрлі және авторлық әуендік материалды ладтық-интонациялық мазмұн тұрғысынан салыстыруға бағытталған салыстырмалы-типологиялық тәсіл қазақтың жаңа ән шығармашылығы формалары мен фольклорлық негіз арасындағы терең

байланыстарды айқындауға мүмкіндік берді.

Юрий Лотман (Лотман) және Амалия Кюрегян (Кюрегян) еңбектеріне негізделген семиотикалық тәсіл интонациялық архетиптерді символикалық және семантикалық жүктемеге ие мәдени жад белгілері ретінде қарастырады. Бұл тәсіл музыкалық семиотика саласындағы қазіргі зерттеулермен сабақтас келеді, онда музыкалық құрылымдар мәдени жадтың белгілері әрі әлеуметтік тәжірибені интерпретациялау құралдары ретінде түсіндіріледі (Hernández Salgar).

Талдауға арналған әуен материалдарын іріктеу репрезентативтік пен стильдік әртүрлілік қағидаттарына негізделді. Зерттеу аясына әуесқойлық әндер де (1950-1990 жж. репертуарлары), Қазақстан тәуелсіздігі кезеңіндегі ән жанрындағы композициялық шығармалар да енгізілді. Іріктеудің негізгі критерийі ән формасының бастапқы бөлімдерінде айқындалатын, кейінгі музыкалық ойдың өрістеуіне негіз болатын негізгі интонациялық бейнені танытатын тұрақты әуендік айналымдардың болуы болды.

Интонациялық архетип ұғымы дәстүрлі мәдениеттердің музыкалық ойлауын зерттеуде маңызды орын алады. Ғылыми әдебиетте ол фольклорлық дәстүрдің сөйлеу, ладтық және жанрлық ерекшеліктерін шоғырландыратын жинақталған дыбыстық белгіні білдіретін тұрақты интонациялық формула ретінде анықталады. Қарастырылып отырған ұғымның теориялық негіздерінің қалыптасуы Борис Асафьевтің еңбектерімен байланысты, ол «интонация» терминін музыкалық теорияның негізгі мағыналық категориясы ретінде енгізген.

Музыкалық интонацияны адамның сөйлеу және эмоциялық табиғатынан туындайтын «мағыналы дыбыстаудың тірі үдерісі» ретінде қарастыра

отырып (Асафьев), ол оның ұлттық тіл құрылымымен және тарихи қалыптасқан музыкалық бейнелеу тәсілдерімен байланысын алғашқылардың бірі болып айқындады.

Бұл тәсілді дамыта отырып, Евгений Назайкинский «Музыкалық қабылдау психологиясы туралы» еңбегінде (Назайкинский) музыкалық санада орныққан интонациялық жад бірліктерінің бар екеніне назар аударады. Оның пікірінше, музыканы қабылдау рационалды талдаудан гөрі жанрдың интонациялық өрісін айқындайтын таныс, архетиптік интонацияларды жедел тануға көбірек негізделген: «Мұнда ең маңызды рөлді музыкалық шығармашылық тәжірибенің өзі атқарады, ол белгілі бір интонацияларды, ыргақтық формулаларды, гармониялық айналымдарды, фактуралық типтерді және т.б. тіл элементтерінің қайталануы нәтижесінде қоғамдық музыкалық санада орнығып, дербес өмір сүретін... мәндермен даралайды....» (Назайкинский 100).


Музыкалық интонацияға қолданылған архетип ұғымы этномузыкалогия мектебі аясында да дамыды. Қазақстандық музыкатануда Баглан Кокумбаева қазақтардың отбасылық-салт-жөкәуларын және жоғалту тақырыбындағы лирикалық әндерді зерттей отырып, үйлену тойындағы және жерлеу барысындағы, сондай-ақ, XIX ғасырдағы ауызша-кәсіби лирикалық әндердегі тұрақты бастапқы әуендік формулаларды сипаттайды (Кокумбаева). «Жоғалту» сөзінің интонациялық негізі мен семантикасын сақтай отырып, бұл тұрақты әуендік формулалар этникалық жадының архетиптерін құрайды.

Қазақстандық зерттеуші Саида Елеманованың еңбектерінде қазақтың дәстүрлі ән мәдениетіндегі нақты интонациялық архетиптер алғаш рет мақсатты түрде айқындалады. Олар — ақындық мелодиялық формула (АМФ) және сүйіспеншілік семантикасымен

Ноталық мысал №2. «Қарғам-ау», басы


Өлеңнің басы кәсіби ән дәстүріндегі «Қарғам-ау» шығармасының кіріспесімен тікелей ассоциация туғызады:

Алтынбек Қоразбаевтың «Сағындым Кенен атамды», «Қара кемпір», «Бозторғай» сияқты бірқатар әндері де кем емес дәрежеде көрсеткіштік сипатқа ие. Бірінші әнде АМФ алғашқы әуен жолы көлемінде өрістейді, жоғары тоннан V басқышқа және қайтадан жоғары қарай бағытталған қозғалыс арқылы 7+4 буындық құрылымды қалыптастырады.



Ноталық мысал №3. А. Қоразбаев «Сағындым Кенен атамды», басы

«Қара кемпір» әнінде АМФ Біржан сал мен Ақан серінің әндеріне тән «шың — бастау» типіне құрылымдық түрде тең келетін үлгі ретінде жүзеге асқан.



Ноталық мысал №4. «Қара кемпір», басы

«Бозторғай» әнінде бастапқы үндеу V басқыштан III-ке бағытталған қозғалысқа негіделіп, жоғары тонның айқындалуымен ерекшеленеді.



Ноталық мысал №5. А. Қоразбаев «Бозторғай», басы

Архетиптің қызықты бір вариациясы Ақселеу Сейдімбековтің «Дәурен-ай» әнінде көрініс табады, онда бастама II басқышты бекітуден туындайды. Бұл — әдеттегіден тыс, бірақ тұрғыдан маңызды

тәсіл, диатоника ішінде «екіқызметтілік» әсерін тудырады.



Ноталық мысал №6. А. Сейдімбеков «Дәурен-ай», басы

Осы автордың «Сарыарқа» әнінде әйелдік бастау мен туған дала бейнесін білдіретін ғұрыптың пентатондық кешен негізгі интонациялық өзек болып табылады. Пентатондық айналымның түрі модификацияларынан әннің барлық интонациялық мазмұны өрбиді, бұл үш бөлімді құрылымды екінші деңгейдегі форма ретінде айқындауға мүмкіндік береді.



Ноталық мысал №7. А. Сейдімбеков «Сарыарқа», басы

Талдауға алынған барлық ән үлгілері қазақтың дәстүрлі мәдениетінің тасымалдаушыларына тән монодиялық музыкалық ойлау үлгісіне тұрақты бейімділікті көрсетеді. Құрылымдық байланыстардың принциптік бірсызықтылығына, сөйлеу интонациясымен сабақтас еркін ырғаққа негізделген монодиялық музыкалық тілдік табиғаты лирикалық әндердің домбыра сүйемелдеуімен дәстүрлі орындалуы барысында пайда болатын вертикальді кешендерді функционалдық әрі фактуралық тұрғыдан бөлінбейтін құбылыс ретінде қабылдауға әкеледі (Шегебаев 171). Бұл ерекшеліктер талданған шығармаларда жүйе құраушы сипатында көрінеді. Қазақтың ән

монодиясының ладтық ұйымдасуына тән негізгі заңдылықтар да осы қатарға жатады. Олар лад қалыптастыру мен форма түзудің өзара ықпалдастығынан, сондай-ақ, тоналдық орталықтанудың ерекшелігінен айқындалады. Тоналдық орталықтанудың бұл сипаты тұрақты композициялық аймақтардың — «жоғарғы» және «төменгі» тонның, сондай-ақ, V және II басқыштардағы ладтық тіректердің қалыптасуында көрініс табады. Сонымен бірге, ол ұлттық дәстүрге тән каденциялық құбылыстарда — мелодияның төмен бағытталған қозғалысында, әуендік шырқауда, форманы тұйықтайтын және тарқататын каденциялық формулаларда табиғи ладтық негіз аясында айқын байқалады.

Осы белгілердің жиынтығы қарастырылған ән үлгілері авторларында дәстүрлі ладтық ойлаудың іргелі константаларының сақталғанын айғақтайды. Алайда, атап өту қажет, мұндай құбылыстар қазіргі қазақ ән тәжірибесінде жекелеген сирек кездесетін жағдайлар болып табылады. Жүргізілген талдаулар көрсеткендей, әуесқойлық шығармашылықтың негізгі қабаты алдымен кеңестік бұқаралық, кейін эстрадалық әндерге тән гомофонды-гармониялық типтегі мәдениеттің ықпалымен қалыптасқан интонациялық-ладтық жүйе аясында өрістейді. Бұл ретте мелодияның дыбыстық шарықтау құрылымы сыртқы тұрпатта дәстүр белгілерін сақтай алады. Осы тұрғыда кеңестік бұқаралық ән жанрында белсенді еңбек еткен кәсіби қазақстандық композиторлардың шығармалары әуесқой авторлар үшін стильдік үлгі қызметін атқарды.

Бұл құбылыс кәсіби композитор Макалим Қойшыбаевтың (1926-1986) «Ұрпақ үшін ертеңгі» әнінде айқын көрінеді. Шығарма кеңестік бұқаралық әнге тән белгілерге айналған айқын марштық негізде құрылған. Оның бастамасы дәстүрлі қазақ әндеріне тән интонациялық формуланы интонациялық

тұрғыда өңдейді, ол V басқыштан I басқышқа қарай кварталық өрлеу арқылы түзіліп, кейін дыбыс көлемінің секстаға немесе октаваға дейін кеңеюімен жалғасады.



Ноталық мысал №8. М. Қойшыбаев «Ұрпақ үшін ертеңгі», басы

Бұл интонациялық бастаулары ежелгі ғұрыптық фольклор қабатында (бақсы сарыны және ерлердің үйлену тойы — жар-жар) жатыр, кейін ол XIX ғасырдағы ауызша кәсіби ән шығармашылығында кеңінен қолданыс тауып, ақындық әуен формуласының классикалық үлгісіне айналады. Екінші жағынан, бұл интонациялық айналым орыс революциялық және марштық-гимндік кеңестік бұқаралық әндерінің кварталық бастамаларымен де ассоциацияланады, мұнда өрлемелі кварта үндеу мен эмоционалдық көтеру интонациясы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, Макалим Қойшыбаевтың әнінде екі семантикалық қатар тоғысады: оның бірі АМФ-тың дәстүрлі семантикасына барып тірелсе, екіншісі кеңестік бұқаралық әннің семантикалық өрісіне жатады.

Жаңа стильдік ортада архетип вертикалдық гармония мен ырғақтық тұрақтылыққа бағдарланған өзге бір ладофункционалдық ойлау жүйесінің жағдайына көшіріледі. Әуендік дамуы тұрақты метроритмдік ұйымдасуы, аккордтық сүйемелі және екпіндік симметриясы бар марштық формуланың логикасына бағынады. Парадигма ауысуы орын алады: интонациялық жад сақталуымен музыкалық жүйе терең трансформацияға ұшырайды.

Осы архетиптің вариациялары кәсіби ән шығармашылығы мен кеңестік бұқаралық ән үлгілеріне бағдарланған көптеген әуесқойлық әндерден де

ұшырасады. Мазмұнына қарай олар жанрлық негізін өзгертуі мүмкін әрі, мысалы, Бексұлтан Байкенжеевтің «Жыл құсы» әніндегі сияқты үш өлшемді вальс метрикасын иелене алады.



Ноталық мысал №9. Б. Байкенжеев «Жыл
кұсы», басы

Осылайша, дыбыс биіктік құрылымы бірдей әуендік қалып әртүрлі стильге байланысы түрлі музыкалық интерпретацияға ие бола алады: монодиялық жүйеде ол сызықты интонациялық дамудың құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асса, гомофонды-гармониялық стильде гармониялық функция, метрикалық тұрақтылық және аккордтық фактура арқылы жаңа семантикалық мәнге ие болады. Бір интонациялық өзек стильдік парадигмаға қарай әртүрлі түрде ұғынылады.

Талқылау

Айта кету керек, талданған әндердегі ақындық бастама архетипінің интонациялық мазмұнында пайда болатын модификациялар оның тарихи қалыптасқан семантикалық және құрылымдық өзегін өзгертпейді. Анық көрінетіні — архетип өзгермейтін қалып емес, ол ырғағы, орнаментациясы, модальдық мазмұны, тіпті интонациялық бейнесі сияқты параметрлерде вариативтілікті қабылдай алады. Дегенмен барлық жергілікті өзгерістерге қарамастан архетиптің негізгі функциясы мен эмоционалдық мәні сақталады, бұл қазіргі әндік практика жағдайында архетиптік қызметтің сабақтастығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Ақселеу Сейдімбековтың «Сарыарқа»
атты лирикалық әнінде интонациялық

дамудың өзегі ретінде жоғарыда аталған «ғұрыптық кешен» қызмет етеді: әнді ашатын және ұлттық тыңдаушы санасында әйелдік бастау мен туған өлке бейнелерімен астасатын I-II-III-V-VI пентатондық ангемитондық айналым. Мұндай түсіндірудің бастаулары тұрмыстық «қара өлең» жанры мен әйелге не Отанға деген махаббат тақырыбын бейнелейтін ауызша кәсіби әндердің лирикалық үлгілеріне барып тіреледі. Негізінде, «Сарыарқа» шығармасының бүкіл интонациялық мазмұны осы көне ғұрыптық кешеннің модификацияларынан және оны диатоникалық басқыштарды — жарты тондық қатынастарды туындататын элементтерді енгізу арқылы біртіндеп еңсеруден өрбиді. Инвариантқа жақындау дәрежесі бойынша нұсқаларды салыстыру «тақырыптық жиектеу» қағидасының әрекетін ақындауға және құрылымдағы үш бөлімділікті екінші деңгейлі форма ретінде бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, анықталған интонациялық архетиптер дәстүрлі ладтық өрістің шеңберінде қалыптасып, дамиды, бұл өріс музыкалық мәдениеттің тұрақты мағыналық және эмоционалдық кодтарын қайта өндірудің негізгі қызметін атқарады.

Бұл құбылыс интонацияның өз мәнерлі мазмұнын белгілі бір лад ішіндегі орны мен қызметі арқылы иеленуімен байланысты, өйткені лад әрбір этностың музыкасына тән өзіндік «генетикалық кодты» бойына сіңіреді. Қазақтың ән мәдениетінде интонациялық архетиптердің ладтық мазмұны ерекше маңызға ие, себебі Ильяс Қожабеков атап өткендей, «қазақ монодиясындағы ладофункционалдық жоспар сызықтық-әуендік үдеріспен ажырамас бірлікте болады» (Қожабеков 131).

Талдауған алынған әндік үлгілерде айқындалған белгілердің жиынтығы ауызша кәсіби дәстүр аясында шығармашылықпен айналысатын

авторларда дәстүрлі ладтық ойлаудың іргелі константаларының сақталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, мұндай құбылыстар қазіргі тәжірибеде жекелеген сирек кездесетін жағдайлар болып табылады. Әуесқойлық шығармашылық негізгі қабаты басқа интонациялық-ладтық жүйе аясында — алдымен кеңестік бұқаралық, кейіннен эстрадалық әнге тән гомофонды-гармониялық ойлау жүйесінде қалыптасады.

Бұл интонацияның рөлін қайта пайымдауға әкеледі: дәстүрлі формула сыртқы дыбыстық биіктік контурларын сақтауы мүмкін, алайда оның мағыналық мазмұны, ладтық байланыстары мен функциялық қатынастары едәуір өзгереді. Бір интонациялық өзек стильдік парадигмаға байланысты әртүрлі музыкалық интерпретацияға ие болады: не сызықтық пен модальдық тұтақтастыққа бағдарланған монодиялық жүйеде, не вертикаль, тұрақты метрика және аккордтық функцияға негізделген гомофонды-гармониялық модельде. Архетиптің осындай көпқырлы өмір сүру формалары оның жоғары бейімделгіштігін және контексттерді өзгерте отырып, өзінің бірегейлігін сақтай алу қабілетін айғақтайды.

Бұл тұрғыда музыканы бірегейлікті символизациялау механизмі ретінде қарастыратын этномузыкалогиялық түсініктің кеңірек контекстін ескеру маңызды. Timothy Rice атап өткендей, музыка «нақты контексте көпқырлы бірегейлікті білдіру үшін ерекше қолайлы кеңістік ұсынып, бірегейліктің көптеген қырларын бір мезетте символдай алатын мінсіз белгі ретінде қызмет етеді» (Rice 27). Осы мағынада қазақ мелодиялық архетиптері музыкалық ойлау формулалары ғана емес, сонымен қатар, ұжымдық және жеке бірегейліктің әртүрлі деңгейлерін бейнелейтін мәдени жадтық тұрақты символдары ретінде де қызмет етеді. Мұндай тәсіл дыбысты бірегейліктің тасымалдаушысы ретінде қарастыратын кең ауқымды мәдениеттанулық ұстанымдармен

үндеседі: «дыбыс өзі де бірегейліктің айырым белгілерін қамтиды... музыка адамдармен, орындармен және дәстүр ағысымен байланысты болғанда ғана жанданады» (Stokes 247).

Қазіргі Қазақстанның кросс-жанрлық музыкалық кеңістігінде, яғни академиялық, фольклорлық, танымалды электронды музыка қатар өмір сүріп, өзара ықпалдасатын жағдайда, интонациялық архетиптер қызмет ету мүмкіндіктерінің одан да кең ауқымын көрсетеді. Олардың жаңа көркемдік жүйелерге енгізілуі тікелей цитаталаудан қарағанда ұжымдық музыкалық жадта терең тамырлануымен көбірек айқындалады. Цифрлық мәдениет, әлеуметтік желілер мен мультимедиялық орта жағдайында архетиптік интонациялар көбіне қысқа дыбыстық формаларда қолданылады және жедел мәдени идентификация функциясын атқарады. Мұнымен олардың рөлі әлсіреген жоқ: керісінше, жаңа медиа кеңістікті олар дәстүрлі семантикалық кодтарды жаңа мәдени контексттермен ұштастырып, қосымша әрі көпқабатты мәндерге ие болады.

Осылайша, қазіргі музыкалық кеңістік аясында қазақ әнінің интонациялық архетиптерін талдау олардың қызмет етуінің қосжақты табиғатын айқындайды: бір жағынан, олар дәстүрлі музыкалық ойлаудың терең қасиеттерін сақтайды, екінші жағынан — жаңа жанрлық, стильдік және медиалық жағдайларға икемді түрде бейімделеді. Бұл қосарлылық архетиптердің мәдени ресурс ретінде тұрақтылығын қамтамасыз етеді әрі жедел мәдени және технологиялық өзгерістер жағдайында олардың өзектілігін сақтап тұрады.

Негізгі тұжырымдар

Қазақ әнінің интонациялық архетиптерін тарихи даму және қазіргі интерпретациялар тұрғысынан жүргізілген талдау олардың дәстүрлі және авторлық музыкалық практикадағы

қызмет ету ерекшелігін айқындайтын бірнеше негізгі қағидаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, интонациялық архетиптер ауызша дәстүр аясында қалыптасып, ұжымдық музыкалық жадта орныққан тұрақты әуендік-ырғақтық формулалар болып табылады. Олардың семантикалық жүктемесі — ақындық бастама мен әйелдерге тән ғұрыптық кешеннің архетиптік бейнелерімен байланысы интонациялық архетиптерге жанрлық-стильдік контексте тәуелсіз өз маңызын сақтайтын мәдени жад белгілері ретінде ерекше мәртебе береді.

Екіншіден, XIX ғасырдағы ауызша кәсіби дәстүр бұрын ғұрыптық және тұрмыстық фольклорда өмір сүрген көптеген интонациялық үлгілер архетип деңгейіне дейін кристалданған кеңістік болды. Дәл осы ортада архетиптер тұрақты құрылымдық қалып пен орныққан семантикалық функцияларға ие болып, XX-XXI ғасырлардағы кәсіби және авторлық ән шығармашылығында маңызды рөл атқаруына негіз қалады.

Үшіншіден, Данеш Рақышев, Ақселеу Сейдімбеков, Алтынбек Қоразбаевтың заманауи авторлық әндерін талдау жеке стильдің ерекшеліктеріне қарамастан, интонациялық ұйымдасу, ладтық құрылым және әуендік даму деңгейінде дәстүрлі монодиялық ойлаудың негізгі қасиеттері сақталанып жатқанын көрсетеді. Бұл қазіргі музыкалық практика жағдайында дәстүрлі интонациялық жүйенің сабақтастығын дәлелдейді.

Төртіншіден, әуесқойлық ән шығармашылығының едәуір бөлігі кеңестік бұқаралық және заманауи эстрадалық әнге тән гомофонды-гармониялық ойлау жағдайында қалыптасады. Бұл жағдайда архетиптік интонациялар сыртқы дәстүрлі белгілерін сақтағанымен, өзге ладофункционалдық және фактуралық ұйымдасу шеңберінде терең қайта пайымдауға ұшырайды. Әуенді гармониялық тұрғыдан түсіну бағытының күшеюі интонациялық жадты

сақтай отырып, бірақ басқа музыкалық жүйенің заңдары бойынша әрекет ететін архетиптік формулалардың жаңа нұсқаларының пайда болуына алып келеді.

Бесіншіден, этно-фьюжн, world music, авторлық және электрондық музыканы қамтитын Қазақстанның қазіргі кросс-жанрлық музыкалық ортасы интонациялық архетиптердің жоғары бейімделгіштігін көрсетеді. Цифрлық мәдениет жағдайында архетиптік интонациялар жаңа медиа кеңістіктерінде белсенді қолданылып, мәнерлі және семантикалық белгілер қызметін атқаруды жалғастырады. Бұл олардың мәдени рөлінің кеңейгенін әрі динамикалы көркемдік ортада тұрақтылығын айғақтайды.

Осылайша, қазақ әнінің интонациялық архетиптері дәстүрлі семантикалық функцияларын сақтай отырып, жаңа жанрлық, стильдік және технологиялық жағдайлармен шартталған трансформацияға қабілеттілігін қатар көрсетеді. Тұрақтылық пен өзгергіштік арасындағы бұл қосарлылық олардың қазіргі маңызын айқындап, болашақ зерттеулер үшін әлеуетін арттыра түседі.

Қорытынды

Жүргізілген талдау қазақ әнінің интонациялық архетиптері қазіргі жағдайда сақталып қана қоймай, трансформацияланатын, дәстүрдің терең эмоционалды-мағыналық қабаттарын бейнелейтін мәдени жад белгілері ретінде қызмет ететінін айқындауға мүмкіндік береді. Олардың тұрақтылығы мелодиялық формулалардың өзгермейтіндігімен емес, керісінше, ұжымдық жадтың, бірегейліктің және мәдениетке тән эмоционалдық кодтың тасымалдаушылары ретінде қызметінің сақталуымен көрінеді.

Зерттеу көрсеткендей, XIX-XX ғасырдың басындағы ауызша кәсіби дәстүрге бағытталған Данеш Рақышев,

Ақселеу Сейдімбеков, Алтынбек Қоразбаев сияқты авторлардың шығармашылығында интонациялық архетиптер өздерінің ладтық негізін де, функционалдық міндетін де сақтайды. Олар құрылымдық және семантикалық тірек қызметін жалғастырып, дәстүрлі музыкалық ойлаудың сабақтастығын қамтамасыз етеді және авторлық әннің мәдени жадпен диалогта болуына мүмкіндік береді.

Кеңестік бұқаралық және заманауи әуесқойлық әндер контекстінде архетиптер өзге функционалдық-стильдік кеңістікке ауыстырылады, мұнда олардың интонациялық бейнесі таныс күйінде сақталғанымен, жаңа мағыналық және құрылымдық мазмұнмен толықтырылады. Кеңестік бұқаралық ән ықпалымен қалыптасқан гомофонды-гармониялық ойлау архетиптік интонациялардың қызмет ету тәсілдерін өзгертеді, алайда олардың семантикалық өзегін бұзбайды. Интонациялық формулалар мәнерлі белгілер қызметін жалғастырады, бірақ бұл енді басқа жүйе — метроритмдік тұрақтылық, гармониялық ауысулар және аккордтық логика шеңберінде жүзеге асады.

Академиялық, фольклорлық, танымал және электрондық

музыкалық практиканы қамтитын қазіргі Қазақстанның кросс-жанрлық кеңістігі интонациялық архетиптердің жоғары бейімделгіштігін көрсетеді. Олардың функционалдық өрісі қысқа бейнеформаттар, цифрлық аудиофрагменттер және мультимодальды контексттер сияқты жаңа медиа орта түрлерін қамти отырып кеңейеді. Осы жағдайларда архетиптік интонациялар өз мәдени мағынасын сақтай отырып, басқа көркемдік контекстпен және қабылдаудың жаңа формаларымен өзара әрекеттесу арқылы қосымша мағыналық қабаттарға ие болады.

Осылайша, қазақтың ән дәстүрі интонациялық архетиптерді сақтап қана қоймай, стильдік және технологиялық жағдайларға икемді түрде бейімдей алу қабілетін де көрсетеді. Бұл интонациялық архетиптерді қазіргі ән тілін қалыптастырудың маңызды ресурсына айналдырып қана қоймай, оларды авторлық және әуесқойлық ән саласында, сондай-ақ, кросс-жанрлық өзара ықпалдастықтар мен медиатрансформациялау аясында болашақ зерттеулер үшін әлеуетті нысан ретінде айқындайды.

Авторлардың үлесі:

Г. Әбдірахман – мәтіннің теориялық бөлігін қалыптастыру, дереккөздермен жұмыс және алынған мәліметтерді интерпретациялау. Материалды талдау және жүйелеу, зерттеудің практикалық бөлігін орындау.

А. Жудебаев – зерттеу тұжырымдамасын анықтау, міндеттер ауқымын анықтау және зерттеу әдістемесін әзірлеу. Негізгі мәтінді, аңдатпа мәтінін ғылыми редакциялау.

Вклад авторов:

Г. Абдирахман – формирование теоретической части текста, работа с источниками и интерпретация полученных данных. Анализ и систематизация материала, исполнение практической части исследования.

А. Жудебаев – определение концепции исследования, выявление круга задач и разработка методологии исследования. Научное редактирование основного текста, текста аннотации.

Authors contribution:

G. Abdirakhman – formation of the theoretical part of the text, work with sources and interpretation of the data obtained. Analysis and systematization of the material, execution of the practical part of the study.

A. Zhudebayev – defining the research concept, identifying the scope of tasks and developing research methodology. Scientific editing of the main text, abstract text.

Дереккөздер тізімі

- Абдирахман, Гульнар. «К проблеме изучения специфики музыкального мышления». *Театр. Живопись. Кино. Музыка*, № 1, 2015, с. 159–172.
- Алексеева, Любовь. *Музыкально-поэтические особенности советской эстрадно-массовой песни 60–70-х годов*. Автореферат кандидатской диссертации, Москва, 1980.
- Асафьев, Борис. *О народной музыке*. Ленинград, Музыка, 1987.
- Асафьев, Борис. *Музыкальная форма как процесс*. Ленинград, Музыка, 1971.
- Елеманова, Саида. Звук как знак культуры. Семантика звука в казахской традиционной музыкальной культуре // *Наука, образование, культура*, 2019, № 39 (5), с. 83–88.
- Зак, Владимир. *О мелодике массовой песни*. Москва, Советский композитор, 1979.
- Земцовский, Изалий. Мелосфера Мусоргского – его «неизвестная Родина». *Музыкальная академия*, 2012, № 3, с. 30–31.
- Кожобеков, Ильяс. О тональной централизации лада в казахской народной лирической песне // *Вопросы истории и теории музыки Казахстана*. – Алматы, Өнер, 1984, с. 97–119.
- Кожобеков, Ильяс. Теоретические вопросы монодической ладофункциональности. *Традиционная музыка Азии*, Алматы, Дайк-Пресс, 1996, с. 119–137.
- Кордабаева, Роза. К проблеме строения каданса в традиционной казахской песне. *Традиции и новаторство в музыке*, Алматы, 1980, с. 162–164.
- Кокумбаева, Баглан. *Семейно-обрядовые плачи казахов и лирические песни темы утраты (некоторые аспекты взаимодействия)*. Автореферат кандидатской диссертации, Ташкент, 1989.
- Кюрегян, Амалия. Семиотика культуры и культурные коды. *Вестник Вятского государственного университета*, № 4 (2), с. 79–81.
- Лотман, Юрий. *Статьи по семиотике культуры и искусства*. Санкт-Петербург, Академический проект, 2002.
- Назайкинский, Евгений. *О психологии музыкального восприятия*. Москва, Музыка, 1972.
- Шегебаев, Пернебек. Некоторые принципы ладообразования в домбровой музыке Западного Казахстана. *Казахская музыка: Традиции и современность*, Алматы: Алма-Атинская государственная консерватория, 1992, с. 161–173.
- Abdirakhman, Gulnar. Popular Music in Kazakhstan: The Phenomenon and Its Interpretation. In R. Sultanova & M. Rancier (Eds.), *Turkic Soundscapes: From Shamanic Voices to Hip-Hop*, London & New York, Routledge, 2018, p. 100–113. <https://doi.org/10.4324/9781315161655-6>.

Hernandez Salgar, Oscar. Musical Semiotics as a Tool for the Social Study of Music // *Ethnomusicology Translations*, 2016, Vol. 2. DOI: <https://doi.org/10.14434/emt.v0i2.22335>.

Martinakova-Rendekova, Zuzana. Musical archetypes and memes – Basic natural principles of musical work. *Proceedings of the 7th WSEAS International Conference on Acoustics & Music: Theory & Applications*, WSEAS Press, 2006, p. 13–17. URL: https://www.researchgate.net/publication/234782360_Musical_archetypes_and_memes_-_Basic_natural_principles_of_musical_work//

Rice, Timothy. Reflections on Music and Identity in Ethnomusicology. *Musicology*, 2007, № 7, p. 17–38. DOI: 10.2298/muz0707017r.

Stokes, Martin. Globalization and the politics of world music. *M. Clayton, T. Herbert & R. Middleton (Eds.), The Cultural Study of Music: A Critical Introduction*. New York: Routledge, 2003, p. 245–256.

References

- Abdirakhman, Gul'nar. «K probleme izucheniya specifiki muzykal'nogo myshleniya» ["On the problem of studying the specifics of musical thinking."] *Teatr. Zhivopis'. Kino. Muzyka*, № 1, 2015, c. 159–172. (In Russian)
- Alekseeva, Lyubov'. "Muzykal'no-poeticheskie osobennosti sovetskoj estradno-massovoj pesni 60–70-h godov" ["Musical and poetic features of Soviet pop songs of the 60s and 70s."] *Abstract of a candidate's dissertation*, Moskva, 1980. (In Russian)
- Asaf'ev, Boris. *O narodnoj muzyke [About folk music.]* Leningrad, Muzyka, 1987. (In Russian)
- Asaf'ev, Boris. *Muzykal'naya forma kak process [Musical form as a process.]* Leningrad, Muzyka, 1971. (In Russian)
- Elemanova, Saida. "Zvuk kak znak kul'tury. Semantika zvuka v kazahskoj tradicionnoj muzykal'noj kul'ture" ["Sound as a Sign of Culture. The Semantics of Sound in Kazakh Traditional Musical Culture."] *Nauka, obrazovanie, kul'tura*, 2019, № 39 (5), s. 83–88. (In Russian)
- Zak, Vladimir. *O melodike massovoj pesni [About the melody of mass song.]* Moskva, Sovetskij kompozitor, 1979. (In Russian)
- Zemcovskij, Izalij. "Melosfera Musorgskogo – ego «neizvestnaya Rodina»" [Mussorgsky's melosphere – his "unknown homeland."] *Muzykal'naya akademiya*, 2012, № 3, s. 30–31. (In Russian)
- Kozhabekov, Il'ias. *O tonal'noj centralizacii lada v kazahskoj narodnoj liricheskoj pesne [On the tonal centralization of the mode in the Kazakh folk lyric song.]* Voprosy istorii i teorii muzyki Kazahstana. Almaty, Ōner, 1984, s. 97–119. (In Russian)
- Kozhabekov, Il'ias. *Teoreticheskie voprosy monodicheskoi ladofunkcional'nosti [Theoretical issues of monodic modal functionality.]* Tradicionnaya muzyka Azii, Almaty, Dajk-Press, 1996, s. 119–137. (In Russian)
- Kordabaeva, Roza. *K probleme stroeniya kadansa v tradicionnoj kazahskoj pesne [On the problem of cadence structure in traditional Kazakh songs.]* Tradicii i novatorstvo v muzyke, Almaty, 1980, s. 162–164. (In Russian)
- Kokumbaeva, Baglan. 'Semejno-obryadovye plachi kazahov i liricheskie pesni temy utraty (nekotorye aspekty vzaimodejstviya)' ['Family-ritual chopping blocks of the Kazakhs and lyrical songs on the theme of loss (some aspects of interaction).'] *Abstract of a candidate's dissertation*, Tashkent, 1989. (In Russian)
- Kyuregyan, Amaliya. 'Semiotika kul'tury i kul'turnye kody' ['Semiotics of culture and cultural codes.']. *Vestnik Vyatskogo gosudarstvennogo universiteta*, № 4 (2), s. 79–81. (In Russian)

- Lotman, Yurij. *Stat'i po semiotike kul'tury i iskusstva [Articles on the semiotics of culture and art.]* Sankt-Peterburg, Akademicheskij proekt, 2002. (In Russian)
- Nazajkinskij, Evgenij. *O psihologii muzykal'nogo vospriyatiya [On the psychology of musical perception.]* Moskva, Muzyka, 1972. (In Russian)
- Shegebaev, Pernebek. 'Nekotorye principy ladoobrazovaniya v dombrovoj muzyke Zapadnogo Kazahstana. *Kazahskaya muzyka: Tradicii i sovremennost'* ['Some principles of modal formation in dombra music of Western Kazakhstan. *Kazakh Music: Traditions and Modernity.*] Almaty: Alma-Atinskaya gosudarstvennaya konservatoriya, 1992, s. 161–173. (In Russian)
- Abdirakhman, Gulnar. *Popular Music in Kazakhstan: The Phenomenon and Its Interpretation.* In R. Sultanova & M. Rancier (Eds.), *Turkic Soundscapes: From Shamanic Voices to Hip-Hop.* London & New York, Routledge, 2018, p. 100–113. <https://doi.org/10.4324/9781315161655-6>.
- Hernandez Salgar, Oscar. Musical Semiotics as a Tool for the Social Study of Music // *Ethnomusicology Translations*, 2016, Vol. 2. DOI: <https://doi.org/10.14434/emt.v0i2.22335>.
- Martinakova-Rendekova, Zuzana. Musical archetypes and memes – Basic natural principles of musical work. *Proceedings of the 7th WSEAS International Conference on Acoustics & Music: Theory & Applications*, WSEAS Press, 2006, p. 13–17. URL: https://www.researchgate.net/publication/234782360_Musical_archetypes_and_memes_-_Basic_natural_principles_of_musical_work//
- Rice, Timothy. Reflections on Music and Identity in Ethnomusicology. *Musicology*, 2007, № 7, p. 17–38. DOI: 10.2298/muz0707017r.
- Stokes, Martin. Globalization and the politics of world music. M. Clayton, T. Herbert & R. Middleton (Eds.), *The Cultural Study of Music: A Critical Introduction.* New York: Routledge, 2003, p. 245–256.

Гульнар Абдирахман, Арман Жудебаев

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

ПЕСНЯ КАК КУЛЬТУРНАЯ ПАМЯТЬ: АРХЕТИПЫ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ТРАДИЦИИ

Аннотация. Исследование посвящено анализу интонационных архетипов казахской песни как устойчивых мелодико-ритмических структур, сохраняющих свою семантическую значимость в современном музыкальном пространстве. Актуальность работы обусловлена необходимостью выявления механизмов преемственности между устной традицией и авторским песнетворчеством XX–XXI веков, что напрямую связано с проблемой сохранения культурной идентичности в условиях глобальных стилевых и медийных трансформаций. Статья продолжает исследования в области интонационной теории, фольклористики и этномузыкологии, заложенные Б. Асафьевым, И. Земцовским, Е. Назайкинским и казахстанской этномузыковедческой школой (С. Елеманова, Б. Кокумбаева). *Целью исследования* является выявление закономерностей сохранения и преобразования интонационных архетипов казахской песни в современной музыкальной практике, представленной песнетворчеством самодельных и профессиональных авторов. Задачи работы включают описание истоков, интонационно-ритмической специфики архетипических структур, сопоставление традиционного и авторского музыкального материала с целью выявления архетипов и определения особенностей их функционирования в различной стилевой среде. *Методология* объединяет интонационный анализ, сравнительно-типологический подход и семиотический метод, которые позволяют проследить генетические корни интонационных архетипов в народно-песенной культуре, их структурные особенности и трансформацию в новых художественных условиях. В ходе исследования определено, что два ключевых архетипа казахской традиционной песни – акынская мелодическая формула и обрядовый интонационный комплекс, зафиксированные как звуковысотные, ладовые и структурные модели исследователем С. Елемановой, активно функционируют в казахстанской песенной практике XX–XXI веков. Авторами на конкретных образцах казахской песни показаны варианты их модификаций в авторском и самодельном песнетворчестве. Дискуссионная часть работы обосновывает природу архетипической устойчивости и определяет направления адаптации интонационных архетипов в условиях гомофонно-гармонического мышления, массовой культуры и кроссжанрового взаимодействия. В итоговой части исследования констатируется высокая значимость интонационных архетипов как носителей культурной памяти и выразительных кодов казахской музыкальной традиции. Практическая ценность исследования заключается в возможности применения его результатов в этномузыкологии, композиторской практике, музыкальном образовании и в междисциплинарных исследованиях.

Ключевые слова: песня, музыка, традиционная культура, культурная память, мелодия, интонационный архетип, фольклор.

Для цитирования: Абдирахман, Гульнар, и Арман Жудебаев. «Песня как культурная память: архетипы казахской музыкальной традиции». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №4, 2025, с. 16–34, DOI:10.47940/cajas.v10i4.1141

Благодарности: Авторы выражают благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Gulnar Abdirakhman, Arman Zhudebayev

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

SONG AS CULTURAL MEMORY: ARCHETYPES OF THE KAZAKH MUSICAL TRADITION

Abstract. The research is dedicated to the analysis of the intonational archetypes of the Kazakh song as stable melodic and rhythmic structures that retain their semantic significance in the modern musical space. The relevance of the work lies in the need to identify the mechanisms of continuity between the oral tradition and the creation of original songs in the XX–XXI centuries, which is directly related to the problem of preserving cultural identity in the context of global stylistic and media transformations. The article continues the research in the field of intonational theory, folklore studies, and ethnomusicology established by B. Asafiev, I. Zemstovsky, E. Nazaikinsky, and the Kazakh ethnomusicological school (S. Elemanova, B. Kokumbaeva). *The aim* of the study is to identify the patterns of preservation and transformation of the intonational archetypes of the Kazakh song in modern musical practice, as reflected in the song creation of amateur and professional authors. *The objectives* of the work include describing the origins and the intonational and rhythmic specifics of the archetypal structures, and comparing traditional and authorial musical material to identify archetypes and determine the features of their functioning across various stylistic environments. The *methodology* combines intonational analysis, a comparative-typological approach, and a semiotic method, which allow tracing the genetic roots of intonational archetypes in folk song culture, their structural features, and their transformation under new artistic conditions. The study determined that two key archetypes of the Kazakh traditional song—the akyn’s melodic formula and the ritual intonational complex—which were fixed as pitch, modal, and structural models by the researcher S. Elemanova, are actively functioning in Kazakhstani song practice of the XX–XXI centuries. The authors demonstrate, using specific examples of Kazakh songs, the variants of their modifications in authorial and amateur song creation. The discussion section of the work substantiates the nature of archetypal stability and defines the directions for the adaptation of intonational archetypes in the context of homophonic-harmonic thinking, mass culture, and cross-genre interaction. The concluding part of the research states the high significance of intonational archetypes as bearers of cultural memory and expressive codes of the Kazakh musical tradition. The practical value of the research lies in the possibility of applying its results in ethnomusicology, compositional practice, music education, and in interdisciplinary studies.

Keywords: song, music, traditional culture, cultural memory, melody, intonation archetype, folklore.

Cite: Gulnar Abdirakhman, and Arman Zhudebayev. “Song as cultural memory: archetypes of the kazakh musical tradition.” *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 16–34, DOI:10.47940/cajas.v10i4.1141

Acknowledgments: The authors express their gratitude to the editors of the Central Asian Journal of Art Studies for the help in preparing the article for publication, as well as to anonymous reviewers for their attention and interest to the study.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:

Гүлнар Бақытқызы Әбдірахман
— өнертану кандидаты,
Академиялық мәселелер
жөніндегі қызметінің басшысы,
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Арман Әділханұлы Жүдебаев
— өнертану магистрі, Темірбек
Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясының
Ректоры
(Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторах:

**Гүлнар Бахытовна
Абдирахман** — кандидат
искусствоведения, Руководитель
службы по академическим
вопросам, Казахская
национальная академия искусств
имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0001-9803-0969
E-mail: gulnarabd@mail.ru

Арман Адильханович Жүдебаев
— магистр искусствоведения,
Ректор Казахской Национальной
академии искусств имени
Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0009-4099-2407
E-mail: zhudebayev86@mail.ru

Information about the authors:

Gulnar Abdirakhman —
Candidate of Art History, Head
of the Academic Affairs Service,
Temirbek Zhurgenov Kazakh
National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

Arman Zhudebaev — Master
of Art, Rector of the Temirbek
Zhurgenov Kazakh National
Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)